

ISSN 1563-0366 • Индекс 75882; 25882
eISSN 2617-8362



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

AL-FARABI KAZAKH
NATIONAL UNIVERSITY

ХАБАРШЫ
ЗАҢ СЕРИЯСЫ

ВЕСТНИК
СЕРИЯ ЮРИДИЧЕСКАЯ

JOURNAL

OF ACTUAL PROBLEMS OF JURISPRUDENCE

1(93) 2020

ISSN 1563-0366; eISSN 2617-8362
Индекс 75882; 25882

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҮЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

ХАБАРШЫ

Заң сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК

Серия юридическая

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

JOURNAL

of Actual Problems of Jurisprudence

№1 (93)

Алматы
«Қазақ университеті»
2020



KazNU Science · КазҰУ Ғылымы · Наука КазНУ

ISSN 1563-0366; eISSN 2617-8362
Индекс 75882; 25882

ХАБАРШЫ

ЗАҢ СЕРИЯСЫ № 1 (93) наурыз



1(93) 2020

04.05.2017 ж. Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігінде тіркелген

Күзелік № 16496-Ж

Журнал жылына 4 рет жарықта шығады
(наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан)

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Сманова А.Б., з.ғ.к., доцент (*Қазақстан*)
Телефон: +7727-377-33-36 (ішкі н. 12-57)

E-mail: Akmaral.Smanova@kaznu.kz

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Байдельдинов Д.Л., з.ғ.д., профессор
(бас редактор) (*Қазақстан*)
Ергали А.М., PhD докторы, доцент м.а.
(бас редактордың орынбасары) (*Қазақстан*)
Кенжалиев З.Ж., з.ғ.д., профессор (*Қазақстан*)
Джансараева Р.Р., з.ғ.д., профессор (*Қазақстан*)
Тыныбеков С.Т., з.ғ.д., профессор (*Қазақстан*)
Усенинова Г.Р., з.ғ.д., профессор (*Қазақстан*)
Жатканбаева А.Е., з.ғ.д., профессор (*Қазақстан*)
Маликова Ш.Б., з.ғ.к., доцент м.а. (*Қазақстан*)
Қабанбаева Г.Б., PhD докторы, доцент (*Қазақстан*)

Муксинова А.Т., (*Қазақстан*)
Алексеева С.В., аға оқытушы (*Қазақстан*)
Томас Хоффман, PhD докторы, профессор (*Эстония*)
Шелухин С.И., PhD, профессор (*АҚШ*)
Ганс Йохим Шрамм, құқық докторы, профессор
(*Германия*)
Алиев А.И., з.ғ.д., профессор (*Әзірбайжан*)
Репецкая А.Л., з.ғ.д., профессор (*Хакасия*)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Арын А.А., з.ғ. магистрі (*Қазақстан*)

Заң сериясы Мемлекет пен құқық теориясы және тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы, азаматтық құқық және еңбек құқығы, табиғи ресурстар және экологиялық құқық, қылмыстық құқық және криминалистика, халықаралық қатынастар бағыттарын қамтиды.



Министерство образования и науки
Республики Казахстан
Официальный интернет-ресурс
Комитета по контролю в сфере
образования и науки



Ғылыми басылымдар болімінің басшысы

Гульмира Шаккозова

Телефон: +7 747 125 6790

E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Редакторлары:

Гульмира Бекбердиева

Агила Хасанқызы

Компьютерде беттеген

Айғул Алдашева

ИБ № 13555

Пішімі 60x84 1/8, Колемі 18 б.т. Тапсырыс № 3373.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2020

З.Н. Аданбекова¹ , Г.Г. Нурахметова² ,
С.А. Сарина¹ , Д.Ш. Исаилова¹ 

¹«Тұран» Университеті, Қазақстан, Алматы к.,
e-mail: adanbekova.z@mail.ru; sarina_salima@mail.ru; di.ismailova@mail.ru
²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы к.,
e-mail: nurahmetova.74@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДЕРДЕГІ ЭЛЕКТРОНДЫҚ МӘМІЛЕЛЕРДІН ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ

Мақалада тек Қазақстан қоғамы мен нарығында ғана емес, бүкіл әлем бойынша ерекше орынды иеленетін жаңа ақпараттық технологиялардың азаматтық құқықтық қатынастарға енгізілу барысы баяндалады. Зерттеу бүтінгі таңда алыс қашықтықтан сауда-саттықпен айналысуға мүмкіндік беретін Интернет арқылы жасалатын электрондық мәміліні (шарттарды) қарастырып қана қоймай, Интернет – мәмілелердің алғашқы prototypes қалыптасқан уақыттан басталады. Сонымен бірге, мақалада электрондық мәмілелерге байланысты нормативтік құқықтық актілердің қабылдану тарихы және АҚШ, Еуропа Одағы мемлекеттеріндегі, Қазақстан Республикасындағы заңнамалық ерекшеліктері баяндалады.

Мақаланың мақсаты электрондық мәмілелердің пайда болуына әкеп соққан ақпараттық технологияларға тоқталу, электрондық мәмілелердің Қазақстан және шетелдердегі пайда болу тарихы анықтап, кезеңдерге бөлөу және заңнамалық қалыптасу ерекшеліктерін айқындау. Электрондық мәміле үғымының құқықтық пайда болу тарихын зерттеу болып табылады.

Мақаланың әдістемелік негізін жүйелілік, логикалық-зандық, тарихи және нақты-әлеуметтік сияқты жалпы ғылыми және арнайы білім әдістері құрайды.

Мақаланың тәжірибелі маңыздылығы электрондық мәмілелердің қалыптасу тарихын мемлекеттер ішінде салыстыру арқылы электрондық сауда (коммерция) саласындағы заңнаманы барынша жетілдіру үшін талдаулар мен ұсыныстарды қолдану мүмкіндігінен тұрады. Зерттеу қорытындылары электрондық мәмілелер үғымын тәжірибеде талдауда, студенттерге түсіндіру барысында пайдаланылуы мүмкін.

Мақалада қарастырылған теориялық, негіздер, мазмұны мен қорытындылары азаматтық құқық пен контракт құқығының көптеген бөлімдерін толықтырады және дамытады.

Түйін сөздер: электрондық мәміле, интернет ресурстары, ақпараттық технологиялар, электрондық құжат.

Z.N. Adanbekova¹, G.G. Nurahmetova²,
S.A. Sarina¹, D.Sh. Ismailova¹

¹«Turan» University, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: adanbekova.z@mail.ru; sarina_salima@mail.ru; di.ismailova@mail.ru
²Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: nurahmetova.74@mail.ru

Features of the formation and development of electronic transactions in the Republic of Kazakhstan and foreign countries

The article is devoted to the study of the process of introducing new information technologies into civil law relations, which occupies a special place not only in society and the market of Kazakhstan, but throughout the world. The article considers not only electronic transactions (contracts) concluded on the Internet that allow you to engage in distance trading, but also the formation of the first prototypes of Internet transactions. In addition, the article presents the history of the adoption of normative legal acts on electronic transactions, as well as their legal features in the United States, EU countries and the Republic of Kazakhstan.

The purpose of this article is to analyze information technologies that led to the emergence of electronic transactions, dividing into stages the history of the formation of electronic transactions in Kazakhstan and abroad, studying the history of the legal origin of the concept of electronic transactions.

The methodological basis of the article is composed of general scientific and special methods of cognition such as systemic, logical-legal, historical and concrete sociological.

The practical significance of the article lies in the possibility of using conclusions and proposals to improve legislation in the field of electronic commerce by comparing the history of electronic transactions between countries. The research results can be used in a practical analysis of the concept of electronic transactions, in the process of studying and explaining the institution of transactions.

The theoretical foundations, content and conclusions discussed in the article complement and develop many sections of civil law and contract law.

Key words: electronic transaction, Internet resources, information technology, electronic document.

З.Н. Аданбекова¹, Г.Г. Нурахметова²,
С.А. Сарина¹, Д.Ш. Исаилова¹

¹Университета «Туран», Казахстан, г. Алматы

e-mail: adanbekova.z@mail.ru; sarina_salima@mail.ru; di.ismailova@mail.ru

²Казахский национальный университет им. аль-Фараби,

Казахстан, г. Алматы, e-mail: nurahmetova.74@mail.ru

Особенности формирования и развития электронных сделок в Республике Казахстан и зарубежных странах

Статья посвящена изучению процесса внедрения новых информационных технологий в гражданско-правовые отношения, который занимает особое место не только в обществе и на рынке Казахстана, но и во всем мире. Статья рассматривает не только электронные транзакции (контракты), заключаемые в Интернете, которые позволяют заниматься дистанционной торговлей, но и формирование первых прототипов интернет-транзакций. Кроме того, в статье представлены история принятия нормативно-правовых актов об электронных сделках, а также их правовые особенности в США, странах ЕС и Республике Казахстан. Целью данной статьи является анализ информационных технологий, которые привели к появлению электронных транзакций, деление на этапы истории становления электронных сделок в Казахстане и за рубежом, изучение истории правового происхождения понятия электронной сделки.

Методологическую основу статьи составляют общенаучные и специальные методы познания, такие, как системный, логико-юридический, исторический и конкретно-социологический.

Практическая значимость статьи состоит в возможности использования выводов и предложений для совершенствования законодательства в области электронной торговли путем сравнения истории электронных транзакций между странами. Результаты исследования могут быть использованы при практическом анализе концепции электронных сделок, в процессе изучения и объяснения института сделок.

Теоретические основы, содержание и выводы, обсуждаемые в статье, дополняют и развивают многие разделы гражданского права и договорного права.

Ключевые слова: электронная сделка, интернет-ресурсы, информационные технологии, электронный документ.

Кіріспе

Авторлар мақалада ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты Қазақстан нарығында кеңінен таралған, тек ішкі саудада емес, сонымен бірге сыртқы саудада да жасалатын электрондық мәмілелердің қалыптасу тарихын қарастырады. Зерттеу барысында электрондық мәмілелер тек ақпараттық байланыс құралдарының пайда болуымен ғана байланыстырылып қойылмай, ақпаратты тасымалдау үғымымен байланыстырылып, барынша тереңірек қарастырылады. Барша өркениеттерге ортақ болған телекоммуникациялық жетістіктер құқықтық реттеу қажеттілігін тудырып, қабылданған нормативтік-құқықтық актілер тарихы

Қазақстанның ғана емес, Еуропа Одағы, Америка Құрама Штаттарының заңнамалық базасының қалыптасу призмасынан зерттелінеді. Зерттеу барысында электрондық мәмілелердің қалыптасу тарихы шартты түрде кезеңдерге бөлініп, қазіргі даму деңгейіне объективті түрде баға беруге мүмкіндік жасалады.

Сонымен бірге, заңнамалық базаның қалыптасуының қазіргі кезеңінің ерекшеліктерін алға тарта отырып, электрондық мәміленің құқықтық анықтамасының жоқтығы, электрондық мәміленің нысанын анықтауга байланысты цивилистика ғылымындағы түрлі пікірлерге авторлық ой білдіріледі. Жалпы, электрондық мәмілелердің тарихын талдау және қалыптасу ерекшеліктеріне тоқталу Интернет платформа-

ларда пайда болатын қатынастардың азamatтық құқық түрғысынан реттелу сипатына баға беріп, болашақтағы даму тенденцияларын анықтауга жағдай жасайды.

Электрондық мәмілелер дәстүрлі түрдегі мәмілелерге қарағанда салыстырмалы түрде кешірек пайда болғанына қарамастан бірқатар еңбектер жалпы айналымда бар. Мәмілелер институтын зерттеген Ю.Г. Басин, М.К. Сулейменов, М.М. Агарков, С.С. Алексеев, М.И. Брагинский, В.В. Витрянский, О.С. Иоффе, И.Б. Новицкий, Е.А. Суханов сынды ғалымдардың енбегін елеген түрде, Отандық және шетелдік заңгер ғалымдардың арасында электрондық мәмілелер, электрондық шарттардың жекелеген түрлері жөнінде, электрондық коммерция туралы С.И. Климкин, В. Казанцев, Н.А. Дмитрик, И.А. Зенин, Н.И. Соловяненко, И.Л. Бачило, М.В. Марвелова, И.С. Евдокимова, Е.О. Гладкова, Л.Г. Ефимова, Н.В. Крысанова, В.М. Елин сынды ғалымдар бар.

Мақала обьектісі болып Интернет ресурстарын пайдалану арқылы жасалатын мәмілелердің қалыптасу тарихы, электрондық мәмілелерді жасау арқылы туындастын қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған нормативтік құқықтық актілердің нормалары болып табылады.

Мақаланың мақсаты болып электрондық мәмілені жасаудың пайда болуынан бастап, оның қазіргі заманға дейінгі даму тенденциясын салыстырмалы түрде анықтай отырып, тарихи кезеңдерге бөле, электрондық мәміле ұғымының құқықтық пайда болу тарихын зерттеу болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген мақсатқа қол жеткізу үшін алдымызға мынадай міндеттер қоямыз: электрондық мәмілелердің даму тарихын кезеңдерге бөле отырып талдау, кезеңдердің ерекшеліктерін мемлекеттермен салыстыра отырып анықтау.

Аталмыш тақырыпты зерттеу барысында жүйелілік, логикалық-зандық, тарихи және нақты-әлеуметтік сияқты жалпы ғылыми және арнайы білім әдістері пайдаланылды.

Негізгі бөлім

Кез келген мемлекет экономикасының тұрақты дамуы және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруды барынша жеңілдешу үшін мәмілелер институтының алатын орны ерекше. Ол тек шаруашылық қатынас субъектілерінің өз еріктерін білдіру құралы ғана емес, сонымен бірге мәміле тараптарының арақатынасын

ортак мұддеге келу арқылы реттейтін ұтымды ұйымдастыру әдісі. Ғылыми-техникалық прогрестің қарқынды дамуының нәтижесінде пайда болған сандық кеңістікке өту мәмілелер мен шарттар институтын да қамтыды. Оның қарапайым дәлелі ретінде электрондық мәмілелер, электрондық сауда, электрондық цифрлық қолтаңба, электрондық ақша, тіпті кейбір шетелдерде арақашықтықтан жасалатын сауда (дистанционная торговля, РФ) сынды терминдердің заңы айналымға енгізілуін атасақ болады. Оған қоса, бүкіл дүниежүзінде Интернет арқылы тауар және қызметтер саудасының (коммерциасының) жалпы саудаға шаққандағы үлесі жылдан жылға артуда. Назар аударатын жэйт, электрондық сауда электрондық нарықтағы тек қана тауар айналымын мензейді, ал электронлық коммерция ұғымы тауарға қоса қызметтер айналымын да қамтиды. «Қазпошта» АҚ ресми ақпаратына сәйкес 2018 жылы Қазақстандағы электрондық сауда көлемі 270 млрд. теңгегінде 2017 жылғы айналымда болған 174 млрд. теңгеден 1,5 есе көп (<http://atameken.kz>).

Аталмыш көрсеткіштер Интернет алаңында жасалатын сауданың тек алғашқы кезеңдеріндегі көрсеткіштер, яғни бұл сала әлі де барынша кең ауқымда дамиды деп күтілуде. Демек, бұл феноменнің қозғаушы күші болып табылатын электрондық мәмілелер немесе Интернет ресурстарын пайдалану арқылы жасалатын мәмілелердің шығу және қалыптасу тарихын зерттеу, оның даму кезеңдерін анықтау ерекше маңызға ие.

Қазіргі түсініктегі электрондық мәмілелердің тарихы алыс қашықтықтан тұрып аз уақыт ішінде контрагентпен келісімге келуге мүмкіндік тудырған инновациялық технологиялардың, дәлірек айтқанда, байланыс құралдарының жасап шығарылуымен байланысты десек дұрыс болмайтын секілді. Себебі, алыс қашықтыққа ақпаратты жіберу туралы алғашқы деректер тарихтан бұрынның белгілі. Мәселен, ежелгі грек мифологиясындағы Тесей туралы аныз бойынша ол женген кезде қайығының үстінен ақ желкенді көтеретін болған. Одан бөлек, тұтін, маяқ сынды көзге көрінетін сигналдардан басқа, ыскырық, дабылды аспаптарды ұзарып секілді аудио сигналдар электрондық емес ақпарат тасымалдаудың алғашқы тәсілдері болды (Румпф, 1974: 79).

Белгілі бір қашықтықта тұрып келісімге келу идеясы Ортағасырдағы Еуропадағы крест жорығының нәтижесінде құрылған Тампли-

ер орденінің рыцарылары көрсеткен қаржылық қызметтің дамуымен байланыстырылады. X гасырда құрылған одактың XII-XIII гасырларда бүкіл Еуропа қалаларында орналасқан, өздеріне тиесілі көптеген бекіністері болады. Сол бекіністер арасында алтын тыындар мен өзге де бағалы заттарды тасымалдап, ұрыларға тап болмас үшін орден мүшелері жол чектерін ойлап табады. Яғни, Орденге байлығын сактауға берген адам жол чегі деп аталатын пергамент қағазына өзінің саусақ ізін қалдырады, сондай саусақ ізімен барған адам кез келген бекіністен керекті алтын тыындар мен өзге де құнды заттарды алыш, мәміле жасасуға құқылы болды. Әр түрлі шалғайтықта орналасқан бекіністер мен қамалдар қазіргі банктердің филиалдарын елестетеді (<https://www.ancient.eu>).

Ақпаратты барынша ұзак қашықтыққа жеткізуге негіз болған уақыт аралығы, электрондық келісім жасауға тікелей қатысы болмағанымен, электрондық мәмілелердің жасаудың қалыптасуының алғышартын құрады.

Шын мәнінде бүгінгі электрондық мәмілелердің жасауға ұқсас жүйе XIX гасырдың бірінші жартысынан бастап пайда бола бастады. Осы аталған кезеңге дейін ақпарат пошта арқылы жетіп отырды. Мысалы, Америка құрлығы мен Еуропа елдері арасын теніз кемелері жалғап, ақпарат бір аптаға дейін кешігіп жеткізілетін. Алайда, электр тогын пайдалану арқылы жасалған, Шиллинг пен Уильям Куктың ойлап тапқан телеграфтарын жетілдірген американлық Сэмюэль Финли Бриз Морзе 1837 жылы электр телеграфының жұмысын аяқтайды және оның өнертабысы екі ортаны тез-ақ байланыстыруды.

Арадан көп уақыт өтпей жатып, қоғамда қағазға жазылған ақпаратты ғана жеткізетін телеграфқа қоса адамның жанды дауысын немесе өуенді жеткізетін құралға қызығушылық түа бастады. 1876 жылы өзі ойлап тапқан телефонға қорғау құжаты – патентті алу үшін екі күн бұрын өтініш берген тегі шотландиялық Александр Греям Bell авторлық презумпция қағидасының арқасында телефон аппаратын ойлап тапқан тұлға ретінде тарихта қалады, ал ақпарат тасымалдау уақыты барынша қысқарып, арақашықтық ұзара түседі.

Бір декадан да аз уақыт ішінде 1895 жылы орыс ғалымы Александр Степанович Попов радионы, яғни сымсыз жұмыс істейтін радиотелеграфты ойлап табады. Осы кезеңде жасап шығарылған өнертабистардың өркениеттің дамуына тигізген өсерінен бөлек, нақты зерттеу объектісі болып табылатын электрондық

мәмілелер институтының дамуына да ықпал етті. 1896 жылы орыс ғалымы В. Катков «Заключение договоров при посредстве электричества» атты мақаласында телефон және телеграф аппараттарының маңызын атая келе, сол дәүірдегі ірі мәмілелер осы байланыс құралдары арқылы жасалады деп көрсетеді (<https://blog.liga.net>).

Белгілі бір қашықтықтан мәміле жасауға мүмкіндік тудырған тағы бір өнертабыс ретінде «суреті бар радио» немесе қазіргі телевизорды атауға болады. Оны жасау XX гасырдың алғашқы жылдарынан бастау алыш, Б.Л. Розинг атымен тікелей байланыстырылады. Телевизор аппаратының дамуы механикалық және электрондық деп аталатын екі түрлі бағытта дамығанымен, XX гасырдың 40-жылдарында электрондық тәсілмен жұмыс істейтін телевизор жүйелері сол кездегі ірі державалар АҚШ, КСРО, Германия т.б. мемлекеттерде үлкен сұранысқа ие болады. Нәтижесінде, дистанциядан сауда жасаудың алғышартын қалаған ТВ-жарнамалар пайда бола бастады. Мысалы, Bulova Watch Co. атты сағат шығарытын компания 1941 жылы 1 шілде күні WNBT каналында 10 секундтық ролик көрсетті. Бертін келе, 1949 жылы жарнамаға 12.3 млн. АҚШ доллары жұмсалса, 1951 жылы 128 млн. АҚШ долларын құрап, 1954 жылы телевизия өзге медиа құралдарының ішінде көшбасшы болды (<https://www.guinnessworldrecords.com>).

Осылайша, электрондық мәмілелердің тарихи тұрғыдан қалыптасуының алғашқы кезеңі телекоммуникацияның дамуымен тікелей байланысты болады. XIX гасырдың бірінші жартысы мен XX гасырдың екінші жартысына дейін созылған уақыт аралығында электрондық мәмілелердің жасау ойлап табылған телеграф, телефон, телевизор аппараттары арқылы жүзеге асырылып, жалпы сауда дами түсті.

Интернет ресурстарын пайдалану арқылы жасалатын электрондық келісімшарттарды жасау тарихының кезекті сатысы XX гасырдың орталарынан басталып, есептеуіш техникиның қарқынды дамуымен тығыз байланыстырылады. Себебі, сол жылдары алғашқы электрондық есептеуіш машиналар жасап шығарылып, олар үлкен көлемді, бір-бірімен құрделі байланыста болып, қолдану үшін ынғайсыз болды. Әрине, мұндай алыш машиналардың жұмыс істей қағидалары 1883 жылы Чарльз Беббидж жасап шығарған логикалық құрылымы қазіргі күнгі компьютерлердің елестетін «Analytical Engine» машинасының негізінде жасалды (Simmons, 2001:1).

Бертін келе, есептеуіш машиналарымен жұмыс оның кемшіліктерін жоюға, барынша қолдануға қолжетімді етуге бағытталды. Өзі шағын, ұзакта дейін шыдайтын, электр лампаларының орнын басқан транзисторлардың ойлап табылуы, барша транзисторларды бір ғана пластинасына сыйдыра біletін интегралды микросхемалардың ойлап табылуы есептеуіш машиналардың көлемін кішірейтті. Ал, модемнің жасап шығарылуы компьютерлер арасында «компьютер – компьютер» байланысын орнатып, жүйе қалыптастыруға мүмкіндік тудырды. Нәктырақ айтқанда, файлдармен алмасу, мәліметтер базасын синхронизациялау, электрондық поштаны пайдалану сынды жүйелік қызметтерге қол жеткізді.

XX ғасырдың 60-70 жылдары электрондық байланыс құралдарының даму барысында төңкеріске әкелген оқиғалар легі қарқынды түрде жалғасып, АҚШ және КСРО сынды алып мемлекеттердің арасындағы бақталастық нәтижесінде Интернет пайда болды. 1958 жылы КСРО алғашқы болып жасанды жер серігін ұшырады, оған жауап ретінде АҚШ-та Пентагон әзірлеген ұшырылған ракетелар туралы жылдам хабар тарататын ғаламдық жүйенің (NORAD) негізінде мемлекеттік масштабтағы бірінші жүйе құрылады. Бұл жобаға жауапты ретінде АҚШ Қорғаныс Министрлігіне қарасты Басқарма – DARPA (Defense Advances Research Project Agency) бекітіліп, 60 жылдарға қарай жүйенің құрамына авиация, метеорология, әскери және азаматтық қызметтер біріктіріледі. Сондай-ақ, жүйе жұмысындағы кейбір олқылықтарды шешу үшін университеттер де жүйеге енгізілді. ARPANET деп аталып кеткен ұлттық жүйе (қазіргі Интернет) 1969 жылы толықтай іске қосылды. 70 жылдары тордың қызметі барынша баяу болғанына қарамастан, Интернет жеке тұтынуышылар арасында да қолданылып, коммерциялық мәссаффа тауарлар мен қызметтерді пайдалану арта тұсті. Тарихи жазбаларға қарағанда ең алғашқы онлайн мәміле 1972 жылы орын алған. ARPANET аккаунтының жасанды интеллект зертханасында Стенфорд Университетінің студенттері МИТ студенттеріне тыйым салынған есірткі заты – марихуананы сатқан деп болжанады.

Ал, 80 жылдары Интернет тек АҚШ мемлекетінде ғана емес, сонымен бірге бірқатар шетелдерде де танымалдылыққа ие бола бастады және түрлі жетілдірuler мен модификацияларға ұшырады. Мәселен, 1991 жылы Еуропалық физикалық зертхана Т. Бернарс

Лидің зерттеулерінің арқасында Интернет компьютерлік жүйесінің негізінде World Wide Web (WWW) протоколын жасайды. Кейіннен WWW-да көрсетілген ақпаратты пайдалану мақсатында Web-парапа үшін ортақ тіл – HTML, ақпарат тасымалдау үшін гипертекстік транспорттау протоколы – HTTP, мекен-жайдың стандартты нұсқасын білдіретін – URL ойлап табылды. Оған қоса электрондық пошта – E-mail, телеконференция – Usenet, компьютерді қашықтықтан басқару – Telnet сынды қызметтер қосылып, Интернетті миллиондаған адамдар мен үйымдар пайдалана бастады (Орлов, 2007 : 23).

Бүкіләлемдік тор Интернеттің танымал бола бастаганы соншалықты, ең алғашқы интернет-дүкендер пайда бола бастады, онлайн сауда дами тұсті. Мұндай типтегі ең бірінші интернет дүкен ретінде Джейфри Безос негізін қалаған, Amazon атты кітап дүкені болды. Алғашында тек өзі жұмыс жасаған Д. Безос кейіннен дүкендердегі тауарлар түрін ұлғайтып, ойыншықтар, электроника, CD және DVD дисктермен сауда жүргізді. Amazon.com интернет дүкенінің бүгінгі тандағы танымалдылығы мен ассортименті жөнінде айтудың мүлдем қажеті жоқ секілді. Ал, Қазақстан нарығындағы интернет дүкендерінің пионері ретінде 1998 жылы құрылған, тауарлар мен қызметтердің ақпараттық бағалық каталогын ұсынатын «Guide Park» онлайн дүкенін атасақ болады. Кейіннен осындағы модель негізінде Alfa.kz сауда порталы құрылды.

Осы орайда Интернет арқылы жасалған мәмілелер, оның тауар (қызметтер) айналымына әсері жөнінде бірқатар ғалымдардың пікірлерін келтірсек болады. Ең бірінші көшбасшы Н. Соловяненко 1997 жылы жарық көрген «Совершенство сделок путем электронного обмена данными» деп аталатын мақаласында Интернеттің артықшылықтарын атай келе, тауарлар мен қызметтерді өткізуінде ерекше арнасы деп баға береді (Соловяненко, 1997:4). Тұтынуышылар үшін кез келген көлемдегі ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік беретін, анықтамалық және басқа ақпараттық қызметті ұсынатын жүйе деп Интернетті жоғары бағалай келе, И.Л. Бачило азаматтық құқықтық шарттар жасау үшін де қолайлы орта деп құқықтық түрғыдан баға береді (Бачило, 2003:210). М.В. Маркелованаң заманауи технологиялардың пайда болуы нарықтық экономика заманында жасалатын мәмілелердің нәтижесіне қолайлы әсер етеді деген пікірімен келіспеу мүмкін емес (Марвелова, 2017:48-49).

Біздің ойымызша, Интернет дамуының келесі кезеңі – 2000 жылдардың басын электрондық

мәмілелердің даму тарихының келесі кезеңі деп қарастырган жөн. Өйткені, Bluetooth, Wi-Fi сияқты ақпаратты сымсыз жеткізу жолдары пайда болуы, интернет банкингтің танымал болуы, алғашында әлеуметтік қарым-қатынас қуралы ретінде ұсынылып, бүгіндегі электрондық сауда алаңы ретінде пайдаланылатын Facebook, Instagram сияқты әлеуметтік желілердің дамуы, тауар сату, қызмет көрсетуге арналған арнайы веб-сайттардың көбеюі, электрондық платформалардың еселеңуі электрондық мәмілелердің өсуіне зор үлес қосты.

Ендігі кезекте зангер-галымдардың арасында телекоммуникация құралы – Интернет арқылы жасалатын азаматтық-құқықтық мәмілелерді құқықтық реттеу қажеттілігі туындағы және барша мемлекеттерде өзіне тән ерекшеліктерімен дами түсті. Назар аударатын сәт, электрондық мәмілелерді жасау электрондық сауда және коммерция шенберінде жүзеге асырылатындықтан, мемлекеттердің заннамалық тарихын қарастырганда электрондық мәмілелермен бірге электрондық сауда (коммерция) туралы заңдардың қабылдануын да ескеретін боламыз.

1996 жылы БҰҰ-ның халықаралық сауда Комиссиясымен жасақталған «Электрондық сауда туралы» типтік заңы (ЮНСИТРАЛ) қабылданады. Ұсынымдық сипаттағы типтік заң электрондық мәміле, электрондық коммерция сынды кілтті ұғымдарға нақты анықтама бермесе де, электрондық мәмілелерді қағаз бетіндегі мәмілелермен теңестіру, электрондық хабарламалардың құқықтық мәртебесін анықтайды. 2001 жылы БҰҰ-мен «Электрондық қолтаңбалар туралы» ЮНСИТРАЛ типтік заңы қабылданды (<https://uncitral.un.org>).

Электрондық мәмілелермен жасау арқылы пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттеу Еуропа Одағында (әрі қарай – ЕО) ерекше қарқынмен дамыды. Цифрлық қолтаңба туралы жалпы ережелерді қамтыған нормативтік-құқықтық акт ең бірінші Германияда (1997), кейін Италияда қабылданды. Бұл заңдар ұлттық денгейдегі реттеу құралдары болды.

1999 жылы ЕО барша мүші мемлекеттерге міндетті болып табылатын Директива («Директива об общих рамочных условиях для электронных подписей») қабылдалап, нәтижесінде 2000 жылдары электрондық цифрлық қолтаңба Ұлыбритания, Австрия, Франция, Эстония, Литва сынды мемлекеттерде құқықтық қолдау тауып, заңдар шығарылады. Оған қоса, 2000 жылы ЕО «Электрондық коммерция туралы» Директива қабылдалап, электрондық ақпараттық жүйеде

мәміле жасаумен туындаған қатынастарды құқықтық реттеудің жалпы ережелерін баяндайды. Осы Директиваның негізінде көптеген Еуропа мемлекеттерінде электрондық сауданы реттеуге бағытталған арнайы нормативтік-құқықтық актілер қабылданды.

АҚШ-та Интернет ресурстарын пайдалану арқылы жасалатын мәмілелерді құқықтық реттеу 1999 жылғы «Электрондық мәмілелер туралы» (Uniform Electronic Transactions Act) Актіде көрініс табады. Бұл құжат электрондық мәмілені жасау сәтін анықтау үшін ерекше маңызға ие электрондық құжаттарды жіберу және қабылдау тәртібін бекітті. Дегенмен, Актінің заң ретінде ешбір нормативтілік сипаты болмаганымен, кейіннен әрбір штат өздерінің ерекшеліктерін ескере отырып, осы Актінің негізінде өз Заңдарын қабылдады. Мысалы, Пенсильвания штаты 1999 жылы «Электрондық мәмілелер туралы» Заңын қабылдаса, келесі екі-үш жылда осы сарындағы Заңдар Айова, Индиана, Каролина, Юта, Вайоминг, Невада, Солтустік Каролина, Орегон, Солтустік Дакота, Миссури және т.б. ондаған штаттарында қабылданды. Электрондық құжаттарды растау үшін қажетті электрондық цифрлық қолтаңба туралы құқықтық акті (Digital signature Act) әлем бойынша бірінші болып АҚШ-тың Юта штатында 1995 жылы заңи құшіне енсе, 2000 жылы «Әлемдік және ұлттық саудадағы электрондық қолтаңба туралы» (Electronic Signatures in Global and National Commerce Act) Федералдық Заң қабылданды. Кейіннен модекльдік заңының негізінде дерлік барлық штаттар өздерінің осындағы заңнамаларын қабылдай бастады (<https://rightsignature.com>).

Қазақстан Республикасында ақпараттық коммуникациялық құралдарды пайдалану нәтижесінде пайда болатын қатынастарды құқықтық реттеу 7 қантар 2003 жылы қабылданған №370-II «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңымен байланыстырылады (<https://online.zakon.kz>). Осы Заңың қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің (әрі қарай – ҚР АК) 152-бабының 3-тармағында мәміленің жазбаша нысанына хат, жеделхат, телефонжазба, телетайпжазба, факспен бірге электрондық құжаттар теңестірілді.

12 сәуір 2004 жылы №544 «Сауда қызметін реттеу туралы» ҚР Заңы қабылданып, онда электрондық коммерция, электрондық сауда, электрондық сауда алаңы, электрондық сауда қатысушысы сынды терминдерге құқықтық

анықтама беріліп, электрондық сауданы жүзеге асыру туралы бірқатар нормаларды қамтиды (<https://online.zakon.kz>).

Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік Сауда Үйымынамушеболу үдерісінің басталуына және 24 қараша 2015 №418-V «Ақпараттандыру туралы» ҚР Занының қабылдануына орай өзгерістер мен толықтырулар енгізілген ҚР нормативтік-құқықтық актілерінің ішінде ҚР Азаматтық Кодексіне өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, 152-бабы 1-1 тармағымен толықтырылып, «мәміленің жазбаша нысаны қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда жасалады» деп көрсетілді. Сонымен бірге, жазбаша нысанда жасалған мәмілелеге бұрынғы мәтінде көрсетілгендерден бөлек «электрондық хабарлар» қосылды (<https://online.zakon.kz>).

Электрондық кеңістікке көшу нәтижесінде банктердің қызметін, өзге де қаржылық қызмет көрсететін ұйымдардың қызметін, биржалық мәмілелер, бағалы қағаздар нарығында жасалатын мәмілелер, мемлекеттік сатып алу қызметін реттейтін арнайы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізіліп, «Интернет ресурстарын пайдалану арқылы жасалатын» немесе «веб порталдарда жасалатын шарттар» деген тіркестер осы Зандарға енгізілді. Қызықтысы, мемлекеттік сатып алулар саласындағы арнайы Заңға сәйкес, тапсырыс беруші мемлекет пен тапсырысты орындаушы тарарап – жеке немесе заңды тұлғаның арасында мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалады және ол интернет ресурстарын пайдалану арқылы тікелей онлайн платформада жүзеге асырылады.

Жоғарыда аталған нормативтік-құқықтық актілерден басқа электрондық коммерция мен сауданы жан-жақты дамытуға, оның ішінде құқықтық қолдауға бағытталған, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12 желтоқсан 2017 жылы №827 Қаулысымен бекітілген «Цифрлық Қазақстан» атты Мемлекеттік бағдарлама әрекет етуде (<https://digitalkz.kz>).

Қазақстандағы Интернет ресурстары арқылы жасалатын мәмілелердің қалыптасу тарихын зерттей отырып, қазақстандық заң шығарушылар «электрондық нысандағы мәміле» деген терминге тоқтайды. Яғни, электрондық мәмілені мәміле категориясының бір түрі емес, мәмілені жасаудың бір жолы ретінде қарастырады.

Осы орайда электрондық мәміленің құқықтық табиғатын анықтауга байланысты теорияда көптеген зангер-ғалымдардың бір-біріне керегар түрлі пікірлері бар. Нактырақ айтсақ, азаматтық құқық ғылымында электрондық мәміле ка-

тегориясын анықтау, терминдер бірізділігін қалыптастыру (мәселен, Интернет-мәмілелер, online, offline мәмілелер сынды терминдер де қолданылып жүр), электрондық мәмілелердің нысанын нақтылау, құқықтар мен міндеттердің туындау сәтін, субъектілер құрамын анықтау сынды сұрақтар көтерілуде.

Қазақстандық заң шығарушылар жоғарыда аталғандай электрондық мәміленің нысанына байланысты кең тараған концепцияны қолдайды, яғни электрондық мәмілелер мәміленің қарапайым жазбаша түрінен ешбір елеулі өзгешелігі жоқ деп санайды. Ондай пікірді И.С. Евдокимова, Е.О. Гладкова секілді бірқатар ғалымдар ұстанады. Е.О. Гладкованың ойынша, Интернет технологиялар арқылы рәсімделген (жасалған) мәмілелер цивилистикаға бұрыннан белгілі жазбаша мәмілелерден өзгешеленбейді, субъектілер өз еріктерін тек интернет ресурстарын пайдалану арқылы білдіреді (Гладкова, 2016: 14-18).

Бұл пікірге толықтай қарсы шыққан келесі топ ғалымдарының ішінде Л.Г. Ефимова өз қарсылығын бірқатар аргументтермен түсіндіреді. Оның пікірінше, ақпараттық технологияларды қолдану арқылы шарт туралы келісімге келу тек жазбаша нысанда жүзеге асады деп топшылау мүмкін емес, себебі бүгінде ауызша келісуге мүмкіндік беретін Skype синды қосымшалар да бар. Оған қоса, тараңтар жазбаша нысанға қойылатын барлық талаптарды сақтай отырып, Интернет арқылы мәміле жасаған қүннің өзінде олар жасаған мәміле дәстүрлі жазбаша нысандағы мәміледен өзгеше белгілері болады (Ефимова, 2017:22-41).

Біздің ойымызша, ақпараттық технологиялардың жылдам дамуының салдарынан нақты бір нысанның шеңберіне кіретін электрондық мәмілелер болмауы мүмкін, ол белгілі бір дәрежеде ауызша және жазбаша нысанда жасалатын мәмілелердің қасиеттерін иеленуі мүмкін. Сондықтан, заң шығарушы электрондық мәмілелерді жазбаша мәмілелерге теңестіру арқылы құқықтық мәртебесін анықтап қойғанына қарамастан, электрондық мәмілелерге байланысты нормаларды тағы да бір қарастырган жән. Себебі осы бір мәселе шарттың орнын анықтау, контрагенттің өзі екендігін растау сынды өзге де проблемалардың туындауына әкеп соғады.

Корытынды

Корытындылай келе, электрондық мәмілелердің жасаудың негізінде жатқан идея – алыс

қашықтықта тұрып хабар алмасу ежелгі заманнан белгілі. Бірақ, қазіргі электрондық мәміле жасау моделіне барынша жақын үлгі телекоммуникация құралдарының дамуымен, тұтынушылар мен кәсіпкерлік қызмет саласында Интернеттің пайда болуымен, Интернет арқылы жұмыс жасайтын электрондық платформалардың өріс алуымен байланысты. Телефон, телеграф, телевизор, Интернет сынды инновациялық технологияларды ойлап табу, айналымға енгізу бір мемлекет шенберінде ғана емес, әлемдік сипатта орын алған үдеріс болды. Сондықтан, электрондық мәмілелердің қалыптасу тарихының бірінші кезеңі XIX ғасырдың 2-жартысынан басталып XX ғасырдың 2-жартысына дейін созылды және дерлік барлық мемлекеттерде бірдей сарында жүзеге асты. Бұл кезең субъектілерде электрондық байланыс құралдары арқылы ақпаратпен алмасу мүмкіндігін тудырды, электрондық мәліметтермен алмасу нәтижесінде ақпараттық қоғам мен электрондық қатынас пайда болды, электрондық коммерцияның пайда болуы және дамуы салдарынан электрондық мәмілелерді жасауға жағдай туды. Назар салсақ, электрондық мәмілелердің қалыптасуының бастапқы кезеңінде тәжірибеде пайда болған электрондық қатынастар заңнамалық тұрғыдан реттелмеді, арнайы қабылданған ешбір нормативтік-құқықтық акт ешқандай мемлекетте болмады.

Біздің ойымызша, екінші кезең электрондық мәмілелерді құқықтық реттеумен байланысты, сәйкесінше әрір мемлекеттің өзінше заңнамалық даму траекториясы болды. Нақты Қазақстандағы электрондық мәмілелердің заңнамалық бекітілу динамикасына тоқталсақ, онда екінші кезеңде XXI ғасырдың басынан басталады және әлі де жалғасуда деп үйгартуға болады. Бұл кезең бірқатар негізгі нормативтік-құқықтық актілердің, мемлекеттік бағдарламалардың қабылдануымен, мемлекетаралық сыртқа электрондық сауданы дамыту мақсатында жасалған мемлекетаралық келісімдердің қабылдануымен ерекшеленеді. Осы уақыт аралығында қалыптастырылған заңнамалық базаның болуына қарамастан, электрондық мәмілелер туралы ережелер әлі де толық жетілдіруді қажет етеді. Сондай мәселенің бірі – электрондық мәмілелер ұғымының құқықтық табигатын анықтауда, оның нысанын белгілеуде ғалымдар арасында ортақ консенсустың жоқтығы, себебі бір топ ғалымдар оны мәміленің жекелеген түріне жатқызса, ендігі екінші топ ғалымдары оны мәміленің жазбаша түріне тенестірілген оны жасаудың бір тәсілі ретінде талдайды. Біздің ойымызша, электрондық мәміле арқылы электрондық сауда жасау тез қарқынмен дамып келе жатқан бағыт және электрондық мәмілені мәміленің дербес түрі ретінде қарастыра отырып, толықтай құқықтық реттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер

- Бачило И.Л. Информационное право. – М.: Юринформцентр, 2003. – 352 с.
- Гладкова Е.О. (2016) Правовое регулирование электронной формы заключения сделок / Е.О. Гладкова // в сб.: Актуальные проблемы современного частного права: Сборник научно-практических статей Всероссийской научно-практической студенческой конференции. [Legal regulation of the electronic form of transactions / E. O. Gladkova // in the collection: Actual problems of modern private law. Collection of scientific and practical articles of the all-Russian scientific and practical student conference.] – 2016. – С. 14-18.
- Заключение договоров посредством Интернета [Conclusion of contracts via the Internet] // <https://blog.liga.net/user/rudenko/article/2462>
- ҚР 7 қаңтар 2003 жылы қабылданған №370-II «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заны [Law of the Republic of Kazakhstan dated January 7, 2003 No. 370-II “on electronic document and digital signature”] // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1035484&corr=1035484&sub_ids=undefined&status=0&excludeArcBuh=0#pos=41;-155
- ҚР 12 сәуір 2004 жылы №544 «Сауда қызметін реттеу туралы» Заны //https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1047488&doc_id2=37157145#pos=113;-93&pos2=139;-84
- ҚР 24 қараша 2015 №419-V «Ақпараттандыру мәселелеріне орай Қазақстан Республикасының кейір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заны // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1006061&doc_id2=32910969#pos=2022;-86&pos2=1;-8
- Ефимова Л.Г. Правовые особенности электронной формы банковских сделок // Вестник Университета им. О.Е. Кутафина (МГЮА). – М., 2017. – №1. – С.22-41.
- Марвелова М.В. Применение электронной подписи во внешнеэкономических сделках // Наука и образования сегодня. – Иваново, 2017. – №1 (12). – С.48-49.
- Орлов А.А. Богданов-Катьков Н.В., Гор А.А. Полная энциклопедия Интернета. – М., 2007. – 243 с.
- Румпф, К.Г. Барабаны, телефон, транзисторы. – М.: Мир, 1974. – 232 с.

- Соловяненко Н.И. Совершение сделок путем электронного обмена данными // Хозяйство и право. – № 6-7. – 1997.
Сандық Қазақстан // <https://digtalkz.kz/o-programme/>
Тексты и их статус // <https://uncitral.un.org/ru/texts>
Электронная торговля: что мы хотим от отрасли // <https://atameken.kz/ru/articles/32126-elektronnaya-torgovlya-chto-mi-xotim-ot-otrasli>
- A. John Simmons. Justification and Legitimacy. – Cambridge: Cambridge University Press, 2001. – 249 p.
First TV advert // <https://www.guinnessworldrecords.com/world-records/first-tv-advert/>
Knights Templar by Mark Cartwright (2/09/2018) // https://www.ancient.eu/Knights_Templar/
UETA – Uniform Eletronic Transactions Act // <https://rightsignature.com/legality/ueta-act>

References

- Bachilo I.L. (2003) Informacionoe pravo. [Informational law] M.: Yurinformcentr, 2003, 352 p.
- Gladkova E.O. Pravovoe regulirovanie elektronnoj formy zaklyucheniya sdelok / E.O. Gladkova // v sb.: Aktual'nye problemy sovremennoego chastnogo prava. Sbornik nauchno pravkicheskikh statej Vserossijskoj nauchno-prakticheskoy studencheskoy konferencii. 2016. s.14-18.
- Zaklyuchenie dogоворов posredstvom Interneta // <https://blog.liga.net/user/rudenko/article/2462>
- QR 7 kantar 2003 zhyly kabylungan №370-II «Elektronnyq quzhat zhane elektronnyq cifrlyq qoltanba turaly» Zany // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1035484&corr=1035484&sub_ids=undefined&status=0&excludeArcBuh=0#pos=41;-155
- QR 12 sauir 2004 zhyly №544 «Sauda qyzmetin retteu turaly» Zany [Law of the Republic of Kazakhstan dated April 12, 2004 No. 544 “ on regulation of trade activities”] // https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1047488&doc_id2=37157145#pos=113;-93&pos2=139;-84
- QR 24 qarasha 2015 №419-V «Aqparattandyru maselelerine oraj Qazaqstan Respublikasynyн kejbir zangnamalyq aktilerine ozgerister men tolyqtyrular engizu turaly» Zany [Law of the Republic of Kazakhstan dated November 24, 2015 No. 419-V “on amendments and additions to certain legislative acts of the Republic of Kazakhstan on Informatization”]. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1006061&doc_id2=32910969#pos=2022;-86&pos2=1;-8
- L.G. Efimova (2017) Pravovye osobennosti elektronnoj formy bankovskih sdelok. Vestnik Universiteta im. O.E. Kutafina (MGUUA). [Legal features of electronic banking transactions. Bulletin of the Kutafin University (MSU). Moscow, 2017.]. M., 2017. №1. P. 22-41.
- Marvelova M.V. (2017) Primenie elektronnoj podpisi vo vnesheekonomiceskikh sdelkah. Nauka i obrazovaniya segodnya[The Use of electronic signatures in international trade transactions. Science and education today.] Ivanovo, 2017. №1 (12). P. 48-49.
- Orlov A.A., Bogdanov –Kat’kov N.V., Gor A.A., Polnaya enciklopediya Interneta [Complete encyclopedia of the Internet]. M. 2007. P. 243.
- Rumpf, K. G. Barabany, telefon, tranzistory [Drum, telephone, transistor]. Moskva: Mir, 1974. P. 232.
- Solovyanenko N. I. Sovershenie sdelok putem elektronnogo obmena dannymi/Hozyajstvo i pravo, [Making transactions by electronic data exchange / Economy and law]. № 6-7. 1997.
- Sandyq Qazaqstan [Digital Kazakhstan] // <https://digtalkz.kz/o-programme/>
- Teksty i ih status [Texts and their status] // <https://uncitral.un.org/ru/texts>
- Elektronnaya torgovlya: chto my hotim ot otriasli [E-Commerce: what we want from the industry]. <https://atameken.kz/ru/articles/32126-elektronnaya-torgovlya-chto-mi-xotim-ot-otrasli>
- A. John Simmons (2001) Justification and Legitimacy.- Cambridge: Cambridge University Press. – 249 p.
First TV advert // <https://www.guinnessworldrecords.com/world-records/first-tv-advert/>
Knights Templar by Mark Cartwright (2/09/2018) // https://www.ancient.eu/Knights_Templar/
UETA – Uniform Eletronic Transactions Act // <https://rightsignature.com/legality/ueta-act>